



Мір. Мұсағалиев



1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

ҚАЗАК

ӘДДЕБИЕТІ

УАҚЫТ – СЫНАП

Төбесінің тесігі бар

Белгілі қазақ тіл білімінің майталман мамы Наурыз Мәулен Балақаевты бұрын-соңды көрмегендер сыртқы түріне қарап, өз қандастарына жаққыза бермейді. Ертеректе асып-тасқан тоқшылық кезінде сол Мәкең ресторанның жалғыз өзі түскі тамақ ішіп отырады. Оның қасындағы бос орындарға орта жастағы әжептәуір қызметтері бар екі әйел жайғасады. Ауыздары бір жабылған қос құрбы өсектің отын маздата отырып, тамақтарын да ішіп, талайлардың да басына суды құяды-ай...

Өздерінің тым шектен тыс кетіп қалғандықтарын сезді ме екен, әлден кейін барып екеуі жарыса:

— Осымен доғарайық. Ендігісін былай сыртқа шыққан соң айтармыз. Мынауыңның төбесінің тесігі болып жүрмесін, — дейді.

Мұны естіген Мәкең:

— Иә, төбемнің тесігі бар, шалап құйып алайын деп пе едіңдер, — депті жымып.

Беттері өрттей қызарған екі келіншек тілдерін қыршып алады. Үн-түссіз есеп-қисаптарын айырысқан олар арттарына қарамастан зыта жөнеліпті.

Алаңдау

Дауылпаз да сырбаз ақын Сырбай Мәуленов уақыттан озып жүруге ұмтылатын. Көп уақытын соғыс ұрпаған өршіл ақының өлеңдері де лапылдаған жалынынан өрілгендей есерге бөлері хақ. Бап пен күй таңдамайтын ол, әйтеуір, жақсы жырдың отын маздатуға құштар-ақ еді. Кезінде ұзақ жылдарғы еңбегінің белес-бекетіндей саналған бес томдық өлеңдер жинағы шыққан кезде қуандуың орнына алаңдаушылық білдіргенге ұқсайды. Сүйікті оқырмандары мен қаламдас әріптестері жүрекжарды лебіздерін айтқан:

— Көп томдығыңыз құтты болсын.

Ілкі сөз ой тұңғығына шомған Сырбай ақын:

— Соңғы кезде мені қатты алаңдатып жүрген жайдың бетін тырнағайсыңдар. Осы бес томнан талғампаз оқырман бес өлеңімді естерінде ұстап, айтып жүре ме, жоқ па?! Әй, кім білсін? — депті баяу ғана күрсіндітпей кетті.

Сырағаңның жауабы

Қазақтың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленовке поэзия кешінде оқырмандардың бірі:

— Сіз шетелдерде болдыңыз ба? — деген сауал береді.

— Болған емеспін. Мен осы уақытқа дейін — өзімнің байтақ туған Қазақстанымды түгел аралап біткенім жоқ. Жарты ғасыр шарласам да әлі табаным тимеген жерлер толып жатыр. Сол жерлерде болмайынша, шетелдерге сапарға шығуды ешқашан ойламаймын, — деген екен сонда Сырағаң.

Тотықұс

Арынды ақиық ақын Ғафу Қайырбеков арнайы тапсырыспен Расул Ғамзатовтың "Менің Дағыстаным" кітабын өте қысқа мерзімде тамаша аударып шығады. "Жазушы" баспасының аударма редакциясындағы қаламгерлер де төл туындыдай тайпалған туындыны қолдан-қолға тигізбей табанда оқып, ынтыға танысады.

Осы редакцияда қызмет істейтін белгілі ақын Қайрат Жұмағалиев бірде баспаға бас сұққан тәржімашы ағасын қолпаштай, марапаттай қолтықтап одақтың ішіндегі қафеге алып барады. Ақын ағасының шалқар шабытына ризалық хош көңілін білдіріп, ілтипат жасайды. Көңіл шіркін шарықтаған кезде бір шөлмек коньяк майдай сіңсе керек. Шып-шып тершіген Ғафекең сүйсіністен туған өлең шумағын табанда төгіп жібереді:

Айналайын Қайраттан,
Аударманы жайратқан.
Біз секілді торғайды,
Тотықұстай сайратқан.

Секем мен сенім

Бірде Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде жас ақындардың поэзия кеші ұйымдастырылып оған атақты ақын ағалары құрметті қонақ болып шақырылады. Поэзияның жас перілері мен көк өрім өскіндері Маралтай, Тыныштықбек, Танақөз, Бауыржан тағы басқалары бірінен соң бірі дауылдатып, бұрқыратып, дүбірлетіп өлеңдерін оқып, жыр сахнасын түрлі әуезге бөлген асқақта-тып жібереді.

Соңынан ерген жыр керуеніне риза болып сүйсінген, келешек күндерге сеніммен көз тастаған ақиық ақын Ғафу Қайырбеков секемді көңілін де толқи білдіріпті:

— Апыр-ай, ертерек туып, ақын атанып алғанымыз қандай жақсы болған, мына жігіттерден кейін тусақ, көрінбей қалатындай екенбіз-ау?!

Салыстыру

Қай кезде де, қай елде де пенсия проблемасы ең толғақты мәселе екені даусыз. Оның үстіне заман да мың құбылып, өмірге өз өзгерістерін енгізіп жатады емес пе. Бейнелеп жеткізер болсақ, пенсия — адамның өзі ғой. Еңбекке ілінген кеудесінде жаны бар кез келген адам тырбындап жүріп бүкіл ғұмырын ертеңгі еңкейген шағында зейнет рахатына бөлensem бе деп армандайтыны анық. Бірақ... Зейнеткерліктің төтті дөмін екінші бірі дер кезінде татып жүр дей алмаймыз.

Қоғамдағы қиыншылықтар еркін адым аштырмайды. Әуелден бүйрегі бұлтымаған бюджеттің бос қоржынын қайта-қайта қағуға тура келеді. Көктен ақша жаумайтыны жөне мәлім. Шырылдатып отырып бірінің аузынан бірін жырып, амалсыз айла-әрекет жасауға мәжбүрсің. Уақытша тал қарману үкіметті де тығырыққа тірейді. Баласынан бастап, қартына шейін байлықтың көзі саналатын

өркениетті дамыған елдерде бұл жөнінде ешқашан бас қатырмайды. Бәрі де ретімен заңдастырылып, тастай етіп қойылады.

Осындай қиын мәзетті бастан кешірген үкімет мүшелері мен Парламент депутаттары оңтайлы-ау деген өз ұсыныстарын жарыса білдірген. Қысылғанда не істелмейді? Жергек-пұл, жолпұл, бөбектер мен қарттарға берілетін жеңілдіктерді қысқартуға тура келді. Ал зейнеткерлік жасын үш жылға дейін ілгері жылжыту ешкімді қуантпағаны белгілі. Алуан-алуан қарттарға берілетін жеңілдіктерді қысқартуға тура келді. Ал зейнеткерлік жасын үш жылға дейін ілгері жылжыту ешкімді қуантпағаны белгілі. Алуан-алуан пікірлер айтылып, олар ортаға салынды. Баспасөз беттерінде зейнет демалысына қай жастан бастап шығу керек деген секілді өзекті мәселелер қызу талқыланды. Әлеуметтік, демографиялық сараптамалар әр қырынан жасалған. Пенсияға жете алмай, алқын-апығып жеткендері алғашқы зейнетақыларын қолдарына ұстай алмай көз жұмғандары жайында жылап-сықтап тебірене толғағандар өте көп болды. Көңілі қаяулы, қабағы қатулы сол тұста көрнекті қаламгер, драматург Қалтай Мұхамеджанов ащы күйінішін былайша білдірген:

— Қартқа құрмет бұлайша көрсетілмеуі керек. Ақсақалдықтың ақшасынан үнемдеу деген не сүмдық! Шалдарымыз осында қалт-құлт етіп жүр емес пе?! Өркениетті елдерде, ең алдымен адамның басы мен ісіне қарайтын болса, бізде адамның жасы мен тісіне қарайтын болғаны ғой. Тығырықтан шығар жолды тапқан-ақ екен, сабаздарымыз.

Қалағанның осы салыстыруы бүгінде мәтелге айналып, ауыздан- ауызға көшіп жүр.

Көсемсөз бен мешелсөз

"Заман-Қазақстан", "Түркістан" газеттеріне жетекшілік етіп, бас редактор ретінде қол қойып отырған кезінде Қалтай аға басылым бетінде не болса соның шығып кетпеуіне айрықша мән беретін. Уақытының өте тығыздығына қарамастан нөмірге бара жатқан барлық материалды асықпай сүзіп қарап, жіті оқып шығады. Әсіресе, публицистикалық толғаныстар мен көсемсөздердің әсерлі жазылуына, деректер мен дәйектердің орынды әрі көңіл аударарлықтай іріктелуін ұдайы айтып отырады.

— Газет беті далақтай боп елестегенімен, ол спорт алаңы, яғни стадион емес. Тек дәмді, дәмді мақалалармен толтыру керек. Сын материалдың мұрда оғандай нысанға дәл, дәл тигені дұрыс. Ал көсемсөздің жөні мүлдем бөлек. Шалқардай шалқып, ордалы ой мен терең толғаныстан туған көсемсөз көркем туындыны ықтап, өміршең. Керісінше сөздер сөзді сағыздай созып, онды-солды судай салып-сұрған көсемсөз — нағыз мешелсөз. Әрине, ондайдың өмірі де тым келте, газет бетінен шықпай жатып өледі.

Кемел сөз бен мешел сөз хақындағы Қалтай аға қағидасы, міне осындай.

(Жалғасы бар).